



Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

№ 189 -НҚ

2025 жылғы 19 тамыз
Астана қаласы

19 августа 2025 года
город Астана

**Міндетті мектеп формасына
қойылатын талаптарды сақтау
мақсатында профилактикалық
кеңес құру туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес және «Астана қаласының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің мектеп формасы талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және әрекет ету алгоритмі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14-қаңтардағы №26 бұйрығына және 2025 жылғы 4 тамыздағы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұсынған мектеп формасы талаптарының бұзылуының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру және әрекет ету алгоритміне сәйкес жұмыстар жүргізу директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Калиеваға жүктелсін.

2. Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау мақсатында мектептің профилактикалық Кеңесінің құрамы бекітіліп және оны іске асыру бойынша міндеттері жүктелсін:

1) **Г.А.Оспанова** – мектеп директоры, кеңес жұмысын үйлестіруші, және жұмыс тобының төрағасы;

2) **Г.А.Калиева** - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кеңестің қызметіне жедел бақылауды жүзеге асырсын;

2) **Дінтанушы**- дін мәселелерін зерттеу орталығының қызметкері, мектеп формасы талаптары бұзылған жағдайда ата-аналармен және балалармен түсіндіру жұмыстарының тактикасы мен тетіктерін анықтасын;

3) **А.Т.Мағзумова** – Астана ҚПД Сарайшық АПБ-нің ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция капитаны, мектепте құқықтық тәрбие жөніндегі алқалы органның (профилактикалық кеңестің) мүшесі, мектеп ұйымының әкімшілігіне құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге ықпал жасасын;

4) **Г.К.Тлепова, Е.Н.Манауова** - мектеп психологтары, түсіндірме жұмыстары кезінде оқушының мінез-құлқын бақылайды және өзгерістерді бағаласын (жоспарға сәйкес жеке жұмыс жасайды, мектеп формасын бұзу фактілері

анықталған жағдайда бақылауды жүзеге асырып және директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Калиеваға хабарласын);

5) **Н.С.Калиева**- әлеуметтік педагог, отбасының әл-ауқатын талдап, оқушыны іс-әрекетке тарту бойынша жұмыс жасасын (жоспарға сәйкес жеке жұмыстарды жүргізіп, мектеп формасын киюді сақталуын қадағалайды, ал бұзушылықтар анықталған жағдайда директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Калиеваға хабарласын);

6) **М.Т.Сулейменова** - Астана қаласы білім басқармасы, «Тәрбие және қосымша білім беру» бөлімінің бас маманы, кәмелетке толмағандармен және олардың ата-аналарымен ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша әдістемелік және құқықтық кеңестер берілсін;

7) **М.Т.Нурмагамбетова** – заңгер, ата-аналар сотқа жүгінген кезде мектеп әкімшілігінің атынан құқықтық қолдау көрсетіп, кеңестер берілсін

8) Мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтау мақсатында мектептің профилактикасы жөніндегі Кеңестің жоспарын бекіту, кеңес мүшелеріне міндеттерін таныстыру, мектеп формасына қойылатын талаптардың бұзылуына алдын-алу жұмыстарының алгоритмін іске асыру жауапкершілігі директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г.А.Калиеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Г.А.Оспанова

Бұйрықпен таныстым: Г.А.Калиева

Бұйрықпен таныстым: А.Т.Мағзумова

(қолы)

Бұйрықпен таныстым: Н.С.Калиева

(қолы)

Бұйрықпен таныстым: М.Т.Нурмагамбетова

(қолы)

Бұйрықпен таныстым: Г.К.Тлепова

(қолы)

Бұйрықпен таныстым: Е.Н.Манауова

(қолы)